



ХҒТАР 16.41.9  
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-147-2-248-263>

## Түрік тіліндегі жағымды және жағымсыз коннотациялы диминутивтер

Н.Р. Балабекова 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: [nakuta@mail.ru](mailto:nakuta@mail.ru))

**Аңдатпа.** Түрік тілінің көптеген грамматикалық еңбектерінде «кішірейту жұрнақтары» деп аталатын қосымшалардың затты кішірейтуден бөлек басқа түрлі функциялары бар. Зерттеу мақаласының мақсаты – функционалды грамматикада «диминутивтер» деп аталатын аталмыш формалардың семантикасына талдау жасау. Түрік тілбілімшілері «кішірейту жұрнақтары» деп -CA, -Cık, -cAk, -cAğız, +(X)ç жұрнақтарын атайды. Қазақ ғалымдары олардың мағыналарын аша алғандықтан, тек кішірейту функциясын атамай «реңк мәнді жұрнақтар» деп кеңінен қарастырған. Функционалды грамматиканың міндеті грамматикалық құрылымдарды құрылысын ғана емес, семантикасы мен басқа да атқарар функцияларын ашып көрсетуге бағытталады. Тілдік қолданым мен материалдардан көргеніміздей түрік тіліндегі «кішірейту жұрнақтарының» сөзді кішірейтуден бөлек жақсы көру, еркелету, аяу, мазақ қылу тәрізді түрлі эмоционалды-экспрессивті функциялары да бар. Бір жұрнақтар жағымды мағына білдірсе, енді біреулері жағымсыз мағынаны білдіреді. Ал кейбірінің екі түрлі мағына білдіретін кезі болады. Сол себепті біз де мақаламызда оларды «кішірейту жұрнақтары» немесе «реңк мәнді жұрнақтары» деп атамай «диминутив» терминін қолдандық. Сондай-ақ түрік тілінде диминутив қызметін «кішірейту жұрнақтарынан» бөлек тәуелдік жалғауы мен көптік жалғауы да атқаратыны белгілі. Жұмыс барысында жоғарыда аталған түрік ғалымдары атаған «кішірейту жұрнақтарынан» да басқа осы функцияда қолданылатын қосымшалардың бар екенін тілдік деректерге сүйене отырып көз жеткіземіз. Бұл мақалада түрік тіліндегі диминутив жұрнақтарының көне түркі тіліндегі және басқа түркі тілдеріндегі варианттарын көрсете отырып мысалдармен мағыналарын ашамыз.

**Түйін сөздер:** кішірейту жұрнақтары, диминутивтер, сөз тудырушы жұрнақтар, семантика, тәуелдік жалғауы, көптік жалғауы, антропонимдер.

Түсті: 18.01.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 28.06.2024

## Кіріспе

Диминутивтер туралы ғалымдар ертеден бері сөз қозғап келеді. Алайда грамматиканы функционалды тұрғыдан зерттеуге дейінгі еңбектерде олар бұл терминді қолданбай, «кішірейту-еркелету жұрнақтары» деп атап келген. Біздің «Қазақ және түрік тілдерінің антропонимдеріндегі диминутивтер» атты мақаламызда В.В.Виноградовтың еңбектерінде де кішірейту жұрнақтары жайлы жазылғаны айтылған. Ғалымның пікірінше: «олардың көмегімен түрлі сезімдерді білдіруге болады: жаны ашу, мысқыл, менсінбеу, жеккөру, эмоция мен бағалаудың жағымды және кері гаммалары» [1].

Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша, диминутивтер сөз тудырушы жұрнақтар емес, «сөздерге қосымша мағына үстемелейтін» [2] сөз түрлендіруші қосымшалар. Ал С.Усмановтың пікірі бойынша: «еркелету, кішірейту формалары лексикалық мағынаға кішірейту, еркелету, сүйіспеншілік, құрмет, қалжың, мысқылдауды білдіретін модальді мағыналар қосады» [3].

«Сөйлеуші негізінен диминутивтерді өзі сөйлесіп отырған кісіге деген жылы қарым-қатынасын бідіру үшін, мысалы, балалармен, ауру адаммен сөйлескенде немесе балалар және жануарлар жайлы айтып отырғанда қолданады» [4]. Л.Ю.Воротниковтың пікірінше, диминутив жұрнақтар жалғанған зат есімдердің тілде үш функциясы болады: «олар денотативті функцияға (хабарлама функциясы), экспрессивті-эмоционалды функцияға (әсер ету функциясы) және коннотативті функцияға (императивтер, назарын аудару, түрткі болу) ие [5].

Жоғарыда аталған мәселелерге сүйене отырып түрік тіліндегі диминутивтерді зерттеудің өзектілігін алға тартамыз.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – түрік тіліндегі диминутивтердің семантикалық әлеуетін функционалды методология аясында айқындау.

## Зерттеу әдістері

Зерттеу мақаласының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде түркиялық, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың диминутивтер жайлы ғылыми-теориялық зерттеулері мен тұжырымдары негізге алынды. Атап айтқанда, Z.Korkmaz, T.Banguoğlu, M.Ergin, M.A.Erdal, M.Öner, T.Gencan, S.Eker, A.M.Щербак, A.H.Кононов, A.Ысқақов сынды ғалымдардың еңбектері зерттеудің теориялық негізін құрады.

Зерттеу жұмысында алға қойған мақсаттарды іске асыру үшін қазіргі тіл білімінде қолданылатын негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Мақалада түрік тіліндегі диминутивтер көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі материалдары негізінде талданады. Сол себепті салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады. Түрік тіліндегі мысалдар Т.Буғра «Küçük Ağa», «Hikayeler», «Yağmur beklerken» атты шығармалар жинақтарынан және А.Кулиннің «SevdaLinka» романынан алынды. Диминутивтер мағыналарына қарай жағымды және жағымсыз коннотациялы деп екіге бөліп қарастырылды. Ғалымдардың диминутивтерге қатысты тұжырымдамалары мен анықтамалары жүйелеу, топтау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді.

## Нәтижелер мен талқылау

Түрік тілінде диминутив жұрнақтар көп зерттеле қоймаған. Негізінен түрік тілінің грамматикаларына арналған еңбектерде есімнен есім тудырушы жұрнақтар арасында қарастырылады. Бұл жұрнақтардың өнімді және өнімсіз түрлері бар. С.Өзчелик ғалым Х.Зүлфикардың «кей жұрнақтардың өздері жалғанған сөздерге бірден артық мағына беретін функциясы бар» деген пікірін келтіреді [6]. В.Хатибоғлу өз сөздігінде диминутив жұрнақтары туралы: «сөздердің мағынасына кішірейту, азайту, жақсы көру мен мейірім мағыналарын үстемелейтін жұрнақтар» деп, -CA, -(I)msI, -(I) mtrak жұрнақтарын түрік тіліндегі кішірейткіш қосымшалары деп көрсетеді [7]. Т.Генжан «кішірейту жұрнақтары деп -ce, -cik, -msi, -mtrak» деп көрсетеді [8]. А.Топалоғлу «сөздердің мағынасына кішірейту, азайту, жақсы көру, аяу т.б. мағыналар беретін қосымша» деп, -Cık, -cAk, -cAğız, -(I)sI, -(I) mtrak, -rAk жұрнақтарын атайды [9]. Н.Мыандоаб түрік тілінде кішірейту мағынасын +(X)ç, +(X)K, +AIAK, +Az, +An, +KingA, +GAç, +Gilt, +can, +KAK, +cAK, +cAğız, +cIk, ImsI, ImtrAK т.б. жұрнақтары береді деп көрсетеді [10, s. 215]. Алайда біз -(I)sI, -(I)mtrak, -rAk, Gilt, KAK жұрнақтарын диминутивтер қатарына жатқызбаймыз. Олардың атқаратын функциясы мен семантикасы өзгеше. Сол себепті бұл мақалада қарастырмаймыз.

Түрік тіліндегі диминутивтердің көбі *жағымды коннотацияда* қолданылады. Олардың дені *еркелету, кішірейту, жақсы көру* мағынасын білдіреді.

1. **-ч (-ç)** жұрнағы. Бұл қосымшаны түрік ғалымдарының барлығы бірдей өз еңбектеріне кішірейту жұрнағы ретінде енгізбеген. Дегенмен, көне түркі тіліндегі ескерткіштерде бар және қазіргі түркі тілдерінің көбінде әлі күнге дейін қолданыста. Түркі тілдеріндегі кішірейту, еркелету реңкті *-ш* жұрнағы көне түркі тілінде *-ч (-ç)* түрінде қолданылған. Э.В.Севортян көне түркі тіліндегі *абычқа* сөзінің шығу тегіне талдау жасай отырып, мұндағы *-ч* жұрнағы жайлы былай дейді: «салыстырмалы деректерге қарасақ, (I) бірінші топтағы көптеген формалары көне түркі тіліндегі *abiçqa/abiçqa/awiçqa* сөзінен шығады, соның жалғасы болып табылады. Көне түркі тіліндегі кішірейткіш-еркелеткіш мағыналы *-ч* көрсеткіші кейбір түркі тілдерінде заңды түрде *-ш-ға* ауысқан (бұл процесс мәмлүк-қыпшақ, ескі өзбек және «Диван» кезеңінде аяқталды). Оғыз және ұйғыр тілдерінде *абышқа* формасында, ал басқаларынан табылмады, қыпшақ тілдерінен тек қырғыз тілінде бар, қазақ тіліне осы тілден енген тәрізді (қазақ тілінде *-ш* жұрнағының болуы осы себепті)», – дейді [11].

С.Екер *-ç* жұрнағы мынадай пікір білдіреді: «*-ç* жұрнағы шектеулі сөздерге жалғанып, функциясы мен мағыналық ерекшелігін күшейтеді. Басқа сөзбен *айтсақ анаç (анаш), babaç (әкеш)* т.б. мысалдар *ана (ана), baba (әке)* сөздерінің сипаттарына екпін беріп күшейтіледі» [12]. Көріп отырғанымыздай, ғалым аталмыш форманың кішірейткіштік функциясы жайлы айтпайды. Т.Гүленсой да мағынаны күшейтеді деп, тап осы *анаç (анаш), babaç (әкеш)* мысалдарын келтіреді [13]. Ал белгілі ғалым О.Серткая көне түркі тіліндегі *-ç* қосымшасы «Түркия түрік тілінде «кішірейту мен еркелету» мәнін білдіретін *-ç* жұрнағы екендігін айтады. Фатмадан *Фатош*, Бетүлден *Бетүш*, Алиден *Алиш*, Мехметтен *Мемош* және т.б. мысалдарда анық көрінеді» деп нақты мысалдар келтіреді [14].

Жоғарыдағы ғалымдар айтқандай, қазіргі түрік тілінде бұл қосымша *-ş* формасына ауысып, өнімсіз жұрнақтардың қатарында қаралады. Бұл диминутивтер адресатқа жақындық, жақсы көру және еркелету мағынасын үстемелеу үшін жалғанып мынадай лексемалар тудырады: *babiş* (әкеш), *babişkom* (әкешком/әкешкам-әкешім), *bebişim* (бөпешім), *bebiško* (бөпешко-бөпешка), *nopoşum* (жақсы көріп, еркелету үшін қолданылатын сөз), *minnoşum* (кішкентайым), *saroşum* (сарым), *tontoşum* (жақсы көретінін білдіру үшін балаларға қолданылады), *tontişim* (бұл да жақсы көретінін білдіру үшін балаларға қолданылады), *tombişim* (толықтау келген бала/кісілерге қатысты қолданылады).

Антропонимдерге жалғанып, еркелету, кішірейту, аялау мағынасын білдіреді.

а) Антропонимдердің бірінші тұйық буынына жалғанады да, есімдердің қалған буындары түсіп қалады:

*İbrahim = İbiş, İboş; Ümmehan = Ümüş; Havva = Havoş; Fatma = Fatiş, Fatoş; Zeliha=Zeliş, Zeynep=Zeynoş.*

*İbiş ile Memiş, mehkemeye gitmiş, mahkemeleşmiş mi? Mahkemeleşmemiş mi?* (Ибиш пен Мемиш сотқа барыпты, соттасып па? Соттаспап па?) деген жаңылтпаштағы кісі есімдеріне еркелету мағынасындағы диминутивтер жалғанған.

ә) Антропонимнің алғашқы ашық немесе тұйық буыны ал екінші буынның бірінші дауыссыз дыбысы қалдырылады да, осы формаға жалғанады:

*İbrahim = İbroş; Ali = Aliş, Aloş; Dudu = Duduş; Hatice = Hatoş; Hafife = Hafoš; Rabia = Rabiş; Rukiye = Rukuş (Rüküş); Nuriye=Nuriş, Fatma = Fatmoş, .*

б) Тұйық буынның соңындағы дауыссыз түсіп қалып ашық буын жасалады да, екінші буынның басындағы дауыссыз осында жалғанады, оның үстіне *-ş* диминутив жұрнағы жалғанады: *Me(h)med = Memiş; Mustafa = Mutoş, Mitiş. Мысалы: Asansörde Miloş'a rastladı Nimeta* (Жеделсатыда Нимета Милошпен кездесіп қалды); *'Kimi istersen al. Miloş'u bana bırak'* (Қалаған кісіңді ал. Милошты маған қалдыр).

Түрік ғалымы С.Екер *-ş* жұрнағына жеке тоқталып, анықтама бермегенімен сөз тудырушы жұрнақтар арасында көрсетіп, *taviş (сүйкімді көгілдір түсті), Aliş (Алиш), minnoş (кін-кішкентай)* мысалдарын келтіреді [12, s. 348]. Сонымен қатар, туыстық атауларға жалғанатыны жайлы деректі Э.В.Севортянның еңбегінен көреміз: «*baboş, babuş, bobuş* 'отец' тур. диал.» [11, с. 12]. Туыстық атауларда еркелету үшін *dedoş* (аташым), *eltiş* (абысынжан), *abiş* (ағашым) деп сирек те болса қолданылатыны бар. Қазіргі түрік тіліндегі *oğluş(um)* (ұлым) формасының көне түркі тілінде де қолданылғанын М.Ердал еңбегінен көреміз: «Біздің мысалдарымыздың барлығы тәуелдік жалғауын алған. *Oluşum* дегенде, айтушының адресатқа деген жылы сезімін байқаймыз. Ол басқаның емес, өз сезімін білдіреді» [15, p. 45]. Түрік тіліне ең жақын саналатын әзірбайжан тілінен *babuş* (әкенің еркелету формасы), *dadaş* (1 Ағаны құрметтеп атау; 2 Әке (қаратпа ретінде); 3 Ер адамға арналған қаратпа), *anaş* (ананы құрметпен атау формасы) сияқты мысалдарын келтіруге болады [16].

2. Түрік тілінде *-çik, -çuk, -çik, -çuk* жұрнақтары жалпы және жалқы есімдер мен туыстық атауларға жалғанып, еркелету, кішірейту мағынасын білдіретін өнімді диминутивтік жұрнақ.

Мухаррем Ергин бұл қосымша жайлы: «-*çIk*, -*çUk* жұрнағы көне түркі тілінде бар. Осы себепті бұл қосымшаның көне заманнан келе жатқан, әрі сыңары саналатын -*çAK* қосымшасынан туындағанын байқаймыз. Кейіннен пайда болғанымен, соңғы кезде өте өнімді жұрнаққа айналды. Бұл қосымшаның басында тек қана -*ç* арқылы жасалған формасы болған. Көне Анадолы түрік тілінің соңғы кезеңінде -*ç* арқылы жасалған формасы пайда болғанын айтқанымыз жөн болар. Батыс түрік тілінің алғашқы кезеңдерінен кейін Осман тілінің соңғы кезеңі мен қазіргі түрік тілінде жұрнақтың тек -*ç* арқылы жасалған формасы қолданылады. Жұрнақтың қазірде дауыссыз дыбыс үндестігіне бағына бермейтіні соған дәлел тәрізді. Шынымен де қазіргі кезде ұяң дауыссыздардан кейін -*ç* айтылмайды, -*ç* дыбысы басым тұрады» дейді [17]. Ал ғалым М.Өнер жоғарыдағы пікірмен келіспейді: «Кішірейту және еркелету функциясында есімнен есім тудырушы бұл жұрнақ көне түркі дәуірінде болмаған. Кейіннен қалыптасқан бұл қосымшаның көне түркі дәуірінде -*ç* -*k* түрінде қолданылғаны анықталды: *öğüçüm* (*öğük* «анашым»), атасім «әкешім»; тек көне түркі дәуірінен кейін бұл қосымша ұмытылып, кейіннен бір-біріне жалғанғанын байқаймыз» [18]. Т.Бангуоғлу бұл қосымша жайлы: «сөз тудырушы бұл жұрнақ зат есім мен сын есімдерге жалғанатын өнімді кішірейту жұрнағы», – дейді [19]. З.Коркмаз да тарихи шығу тегіне үңілмей бүгінгі қолданысына байланысты анықтама береді: «дыбыс үндестігіне бағынатын -*çık*; -*çuk* қосымшасы зат есім мен сын есімдерде кішірейту, күшейту, еркелету мен мүсіркеу мағынасын беретін жұрнақ» [20]. В.Хатибоғлу: «кішірейту, азайту, еркелету, мейірлену, аяу» тәрізді мағына жамау үшін есім негізді сөздерге жалғанады: *ağaççık* «кішкентай ағаш», *adacık* «кішкентай арал», *kadıncık* «бейшара әйел», *kedicik* «бейшара (кішкентай) мысық», *köğrecik* «жап-жас», *уанасık* «кішкентай, сүйкімді бет» [7, s. 37].

Түрік тіліндегі бұл жұрнақтар барлық түркі тілдеріне ортақ дыбыс үндестігіне байланысты өзгеріп отырады. Егер сөздің соңғы буынында ашық дауысты дыбыс болса, жалғанған жұрнақтағы дауысты да, ашық, егер қысаң болса, заңды түрде қысаң дауыстысы бар қосымша жалғанады. Біз бұл қосымшаның бірнеше функциясына жеке-жеке тоқталмақпыз.

а) Антропонимдерде қолданылатын -*çık* және оның формалары *сүйіспеншілік* пен *құрмет*, сонымен қатар, *еркелету* эмоциясына ие. Мысалы: *Mehmet=Mehmetçik*, *Yaşar=Yaşarcık*, *Ali=Alicik*, *Ayşe=Ayşecik*, *Fatma=Fatmacık*, *Selma=Selmacık* т.б. Мысалы: *'Olmaz, Tvrtkocuk. Stefan oğlumu almaya kalkar'* (Болмайды, Тврткожан. Стефан баламды тартып алуға тырысады); *'Muhocuk olmasa...* (Мухожан болмаса...); *Hoca da bunu öğrendiği zaman ciddileşmiş, ciddileşmiş, Emine'ciğin içine nerdeyse, 'Acaba bir suç tu işledim' kuşkusunu düşürmüştü* (Молда мұны естігеннен кейін тым байсалды болып кетеді, Әминажан ішінен «мен қылмыс істедім бе» деп қуыстана бастаған еді).

ә) Туыстық атауларға жалғанып, *кішірейту*, *еркелету*, *аяу*, *мүсіркеу* эмоциясын білдіреді. Түрік халқының сөйлеу мәдениетінде кісіні еркелетіп, жақын тартқан кезде -*çık* диминутивіне көбіне 1-жақ тәуелдік жалғауы жалғану арқылы өзіне жақын тартып, иемдене отырып атайды. Мысалы: *'Anneciğim, ben yıllarca tek başıma idare etmemişim gibi konuşuyorsun'* (Анашым, осынша жылдан бері бәрін жалғыз (өзім) істемей жүргендей айтасың ғой); *'Toruncuğum olmasa, dünyada gitmezdim ama...'* (Немережаным болмаса

өлсем де бармас едім...); *Bu onun huyu işte. Karıcısının ve can kızlarının bunca itinalarına rağmen başka türlü olmutor işte* (Мінезі осы енді. Жан жары мен жанындай қыздары қанша жерден ескертсе де өзгере алар емес); *'Babacığım, kendine iyi bak. Sakın yaralanma,' dedi Fiko* («Әкешім, абай бол. Жараланып қалма», – деді Фико).

б) Жалпы есімдерге жалғанып, оларды *kişireyimin, erkелету* арқылы сол нәрсеге деген жылы сезімін білдіреді. Мысалы: *'Kediciklerin giysisi olmaz ki anne' diye bağırması merdivenlerden inerken* («Кішкентай мысықтардың киімі болмайды ғой, апа», – деп баспалдақтан түсіп бара жатып айғайлады); *'Ağabeyin büyüyor. O artık senin gibi küçük bir oğlancık değil' demiştir* (Ағаң өсті. Ол енді сен сияқты кішкентай балақай емес) бұл мысалда сөйлеуші әңгімелесіп тұрған баланың ағасы жайлы айтқанымен, ағасын емес, баланы еркелетіп тұрғанын байқаймыз); *Beş-on bin nüfuzu ile aynı şartları yaşayan, aynı tehlikelere karşı bulunan kasabacık* (Бес-он мың тұрғынымен не көрсе де бірге көретін, қауіп-қатерді бірге қарсы алатын қалашық).

в) Сын есімдерге жалғанып, ол сөздерге күшейткіш, кішірейткіш мағына жамайды. Мысалы: *Hana, minicik sevgili kızım benim, sakın korkma, seni asla yalnız bırakmayacağım. Asla* (Хана, кішкентай сүйікті қызым менің, қорықпа, сені ешқашан жалғыз тастамаймын. Ешқашан); *Babasının 'O daha küçücük bir çocuk, Raziye, rahat bırak kızını, dediğini duyar gibi oldu* (Әкесінің «ол әлі кіп-кішкентай бала, Разия, қызды жайына қалдыр» деген даусын естігендей болды); *Karmaşık çalılıklarda, ağaçlarla kaplı arazilerde, küçücük yaşına rağmen iz sürmede, yol bulmada ustaydı* (Кіп-кішкентай бола тұра із кесуде, жол табуда ұста еді); *Yumuşacık bir rüzgar, pırıl pırıl yıldızlarıyla gece ve muhteşem deniz* (Жұп-жұмсақ жел, жарқыраған жұлдызды түн және ғажайып теңіз!).

Қазақ тіліндегі *-шық/-шік* жұрнағы *«-шақ, -шек* жұрнағының қысаң түрі болып есептеледі, демек *-шық, -шік* қосымшасының да атқаратын қызметі көп. ... *-шық (-шік)* жұрнағы зат есімдерге жалғанғанда, оларға кішірейту және еркелету мағыналарын үстейді.

а) Конкретті зат есімдерден кішілік мағынасын білдіретін атаулар тудырады. Мысалы: үйшік, төбешік, көлшік, кіршік, қапшық, қарашық, ойыншық, далашық, айшық, тығыншық, төрешік, дорбашық, қалашық, бөлмешік, панашық, текешік, боташық т.б.

ә) Санауға келмейтін зат атаулардан әрі даралық, әрі кішілік ұғымын жамайды. Мысалы: талшық, ірімшік, түйіршік, қиыршық, бүршік, шиыршық т.б. » [21, б. 193-194]. Бұл жұрнақтың затты кішірейту қызметінен бөлек, қомсыну, кемсіту мағынасы да бар.

*-cik* диминутиві гагауыз тілінде де кездеседі: «Өте өнімді бұл жұрнақтың негізгі функциясы есімнен кішірейту және еркелетуді білдіретін есімдер тудыру. Кішірейту жұрнағы *-k* дауыссыз дыбысымен аяқталған сөздерге жалғанғанда, ол дауыссыз дыбыс түсіп қалады: *basacık<basak+cik* (кішкентай аяқ), *uapracık* (кішкентай жапырақ), *küçücük* (кіп-кішкентай)» [22, s. 103]. *-ciğ/-cik, -cuğ/cük* түрінде әзірбайжан тілінде кездестіреміз: «Зат есім мен сын есімдерге кішірейту, күшейту, еркелету мен аяу мағынасын үстемелейтін өнімді жұрнақ: *anasıg* (анашым), *nänäsik* (әжешім), *evcik* (үйшік), *gözcük* (кішкентай көз), *buruncıg* (кішкентай мұрын), *ısağıcıg* (балақай), *yavrucıg* (балақай), *ağızısıg* (кішкентай ауыз)» [22, s. 184]. Түркімен тілінде *«cik/cik, -cuk/-cük*: өте өнімді емес. Еркелету және кішірейту мағынасын білдіретін зат есім және сын есім тудырады: *baalacık* (балақай), *iinsecik* (жіп-жіңішке), *kiçicik* (кіп-кішкентай)» [22, s. 249].

Ұйғыр тілінде: «-*çaq*, -*çäk*, -*çuk*, -*çük*: Кішірейту және еркелету мағынасындағы зат есімдер тудырады: *оуунчаq* (ойыншық), *qorqunчаq* (қорқақ), *tauчаq* (тайшық), *kölçüq* (көлшік), *qарсиq* (қапшық), *balісиq* (балақай)» [22, s. 369]. Қырғыз тілінде: «-*çlk*, -*çUk*: Кішірейту және еркелету мағынасындағы зат есімдер тудырады: *kap-çlk* (қапшық), *cap-çlk* (қалташа), *çaar-çlk* (еліктің лағы), *boto-çuk* (ботақан), *оуун-çuk* (ойыншық), *köl-çük* (көлшік)» [22, s. 501]. Қарақалпақ тілінде қазақ тіліне жақын -*şıq*, -*şik* формасында: «Бұл жұрнақ негізінен кішірейту, еркелету, аяу мағынасын білдіретін зат есімдер тудырады: *azımsıq* (азырақ), *tekeşik* (текешік), *üüşik* (үйшік)» [22, s. 554]. Ноғай тілінде де -*шык* формасында: Кішірейту мағынасы бар: *балашык* (балақай), *ойыншык* (ойыншық) [22, s. 630]. Қырым татарларының тілінде: -*şıq*/*-şik*: зат есімдерге жалғанып, кішірейту, азайту, аяу мағынасын білдіреді: *meudanşıq* (кішкене алаң), *evşik* (үйшік), *qozusıq* (қошақан), *satırşıq* (бір ғана жол), *pařasıq* (кішкене бөлік) [22, 827]. Кісі аттары мен туыстық атауларға негізінен тәуелдік жалғауларымен бірге жалғанып, еркелету, (жақсы көруді) білдіреді. Кейде аяушылық мағынасын да білдіреді: *Есмачық* (Есмажан), *Асанчық* (Асанжан), *Селимечиги* (Селимежан), *балачығым* (балапаным), *бабачығым* (әкешім), *анайчығым* (анашым) [22, s. 827].

Алтай тілінде: «-*çlk*: Сүйкімділік пен кішірейтуді білдіретін зат есім тудыратын өнімді жұрнақ. Кейде тұрақты бір заттың да есімі болуы мүмкін: *бүрчүк* (бүршік), *жанчык* (аңшылардың оң жағына тағатын кішкене оқ салатын сөмкесі). Сонымен қатар, мамандық атауы да болады: *каруулчык* (қарауыл)» [22, s. 1020]. Якут (саха) тілінде: «-*чык*, -*чик*, -*чук*, -*чүк*: «Кішірейту және еркелетуді білдіреді: *доғоччум* (жан досым), *чуораанчык* (кішкентай жан (адам), *албынчык* (шайтандай)» [22, s. 1242]. А.М.Щербак сондай-ақ мына түркі тілдерінен де мысалдар келтіреді: «гаг. алмажык «яблочко», өкүсчүк «бычнонок», көпәжік «собачка», инжәжік «тоненький», икижик «двоечка»; казах. қапшық «мешочек», үйшік «домик», төбешік «горка», кіршік «пятнышко»; карач-балк. ташчык «камешек», итчик «собачка», кизчик «девочка», жашчык «мальчик», акчик «беленький», карачык «черненький», жашилчик «зелененький» [23, с. 100]. Байқағанымыздай, бұл түркі тілдерінде зат есім мен сын есімге жалғанатын жұрнақ.

3. **-*çak* қосымшасы:** «Бұл жұрнақтың негізгі функциясы кішірейту және еркелетуді білдіру. Осы тұрғыдан -*çlk*, -*çUk*, -*çlk*, -*çUk* жұрнақтарының бір түрі десек болады. Алайда оған қарағанда өнімді» [24]. З.Коркмаз бұл қосымшаның функциясы жайлы былай дейді: «Кішірейтуді білдіретін есімдерден жақсы көру және аяушылық сезімін білдіретін зат есімдер тудырады: *çosısak* «балақай, бейшара бала», *kiuısak* «кішкентай құдық», *yavrusak* «балақай», *yumırsak* (бұл да кішкентай балаға қатысты қолданылады) тәрізді [20, s. 40]. Н.Мыандоаб бұл жұрнақтың өнімділігіне қатысты Т.Гүленсой пікіріне қарсы ой білдіреді: «Бұл қосымша түрік тілінде ерте заманнан бері қолданылған, бірақ бара-бара өнімділігін жоғалтқан қосымша. Сөз жасам қосымшасы ретінде басты функциясы кішірейту мен жақсы көруді білдіру. Осындай жақындығына қарай және -*çlk*, -*çUk* қосымшасының жаңа пайда болғанына қарап, -*çlk*, -*çUk* қосымшасының -*çak* қосымшасынан туындаған деуге болады. Бұрын -*çak* арқылы жасалған мысалдардың кейінгі кезде -*çlk*, -*çUk*-пен жасалғаны осыны көрсетеді. -*çlk*, -*çUk* қолдану аясын кеңейтіп, өте өнімді жұрнақ қатарына енгізеді де, -*çak* өнімсіз жұрнақтар қатарына қосылып, тек кейбір мысалдарда ғана қолданылады: *kuzısak* «қошақан», *yavrusak* «балақай», *yumırsak* (yumırsak) «жұдырықтай мағынасында кішкентай балаға қатысты қолданылады», *büyücek* (büyük-cek) «үп-үлкен», *küçükcek* «кіп-кішкентай», *demincek* «жаңа ғана» тәрізді [13,

s. 228]. Мысалы: *'Bir daha beni dikizlersen öldürürüm seni, bilmiş ol, yumurcak,' demişti ağabeyi* («Ендігәрі мені аңдысаң өлтірем сені, біліп қой, балақай», - деген еді ағасы); *Ömer tifo yatağında, günlerce ve dalgın, erimiş ve bitmiş olarak yattı: ateş, ateş, ateş... ateş yavrucağı eritmiş, bitirmişti* (Өмер сүзектен төсек тартып неше күннен бері сұлқ түсіп, әлсіреп біткендей боп жатты. Қызу, қызу, қызу... қызу балақайды әбден титықтатып бітірген еді); *Yavrucak uykusuzluktan bitkin; fakat gene de 'Ömer'in yanında kalacağım' diye direniyor, yukarı, yatağına çıkmıyor* (Балақай ұйықтамағандықтан шаршаған, сонда да «Өмердің жанында болам» деп бой бермейді, жоғарыға, төсегіне бармай жатыр); *Büyücek şehirlere göre, avuç içi kadar bir kasaba, öğle yemeklerinde de evine giderdi* (Үлкен қалалардай емес, уыстай ғана қалашық, тіпті түскі асқа да үйлеріне барады). Бұл сөйлемде –*sek* аффиксі сын есімге жалғанып тұр. Қазақ тілінде мұндай форма болмағандықтан, *үлкен* сөзі қосымшасыз аударылады.

Қазақ тілінде *-шақ/-шек* жұрнағы кішірейту, еркелету мағынасында туыстық атауларға жалғанады. Мысалы: *«Інішек, көшер болсаң, Майлыаяқты маған беріп кет»* деп қызығып сұрап жүр. Құлын сөзінен құлыншақ сөзін тудырды. Сондай-ақ келін сөзіне жалғанып, келіншек деген сөз тудырады: *Келіншек сөзқұмар адам, маған неше алуан қалжың сөздер айтады*. Бұл қосымша қазақ тілінде өте аз сөзге жалғанатын өнімсіз жұрнақ.

Гагауыз тілінде: *«-Cak* жұрнағы *-CA* жұрнағының ок күшейткіш шылауымен қосылуы және кішірейту жұрнақтарына ұқсатылуы арқылы жасалған. *CA(A) z* жұрнағы болса *-cAK* жұрнағына *-(I)z* күшейту жұрнағы жалғану арқылы жасалуы мүмкін. Соңғы дыбысы *-k* болса, ол дауыссыз түсіп қалады: *balıcak balık-cak* «кішкентай балық», *çocukcak çocuk-cak* «балақай», *kaşıcak kaşık-cak* «кішкентай қасық», *terlicecek terlik-cek* «кішкентай үй аяқ киімі» [22, s. 103]. Бұл жұрнақ сонымен қатар әзірбайжан тілінде бар: «өзі жалғанған сөздерге негізінен кішірейту мағынасын беретін есімнен есім тудыратын жұрнақ. Өнімді емес. Мысалы: *dilçäk* (кішкентай тіл), *hörümçäk* (өрмекші), *älçäk* (баспалдақ) [22, s. 183].

*-жак, -жек* формасында түркімен тілінен көреміз: «бұл өнімсіз жұрнақ еркелету мен кішірейтуді білдіреді: *keyisek* (кішкентай киік), *yüzüsek* (кішкене жүзік) [22, s. 249]. Өзбек тіліндегі формасы: «*çäk, -çâq*: ұқсату, еркелету және кішірейту мағынасын береді: *kelin-çäk* (келіншек жаңа түскен келін), *qozi-çâg* (қозышақ қошақан), *ouın-çaq* (ойыншық) [22, s. 299]. Ұйғыр тілінде: «*-çaq, -çäk, -çuk, -çük*: Кішірейту және еркелету мағынасындағы есімдер тудырады: *ouınçaq* (көңілді), *qoqınçaq* (қорқақ), *tauçaq* (тайшық), *kölçüq* (көлшік), *qarşıq* (қапшық), *balıçıq* (балақай) [22, s. 369]. Қырғыз тілінде: «*-çAk, -çOk*: кішірейту және еркелету мағынасындағы зат есімдер тудырады: *çunkur-çak* (шұңқыршық), *kelin-çek* (келіншек), *cölüm-çök* (сүйеніш көмек) [22, s. 501]. Алтай тілінде: «*-IçAk*: кішірейту мен еркелетуді білдіретін өнімді жұрнақ. Бұл жұрнақ негізінен дауыстыға аяқталатын бір немесе екі буыннан тұратын сөздерге және дауыссызға аяқталатын сөздерге жалғанады: *балачак* (балақай), *уулчак* (кішкене ұл бала, ұлым), *ечкичек* (лақ, ешкінің төлі), *кискечек* (қысқаша, өте қысқа), *жукасак* (жүп жүқа), *чичкечек* (жүп жүқа), *көзічек* (кішкентай көз), *чиүчек* (кішкене сызық) [22, s. 1020]. Хакас тілінде: «*-жах, -жек, -ыжах, -іжек*: Өнімді сөз тудырушы жұрнақтардың бірі. Қосымшаның дауыссызбен басталған формасы дауыстыға аяқталатын зат есім негіздеріне, ал дауыстымен басталған формасы дауыссызға аяқталатын зат есім негіздеріне жалғанады. Жұрнақ кішірейту есімдерін тудырады: *книга-жах* (кітапша), *тура-жах* (үйшік), *пала-жах* (балақай), *кызы-жек*



(кішкене адам), хары-жах (кішкене қар) [22, s. 1094]. Тува тілінде формалары өте көп: «-чак, -чек, -чык, -чик, -чук, -чүк, -жак, -жек, -жык, -жик, -жук, -жүк: кішірейтілген зат есім тудырады: кулун-чук (құлыншақ), дилки-жик (кішкентай түлкі), хем-чик (кішкентай өзен), хөл-чүк (көлшік), хысха-жак (қысқаша), биче-жек (кіп-кішкене) [22, s. 1165].

4. *-о жұрнағы*: Біз қарастырған тіл біліміне қатысты еңбектердің ешқайсында диминутив жұрнақ ретінде қарастырылмаған бұл жұрнақ кісі есімдерін еркелетіп атауда жиі қолданылатын қосымша. Бұл диминутивтік аффикс антропонимдерге жалғанып, оларды қысқартып, еркелетіп атау қызметінде жұмсалады. Мысалы: *'Beni ecel değıl, bu aşk öldürecek, kocamı da benim günahım, Stejo,' demişti* («Мені ажал емес, осы махаббат, ал күйеуімді менің күнәм өлтіреді, Стежо», – деген еді); *'Ne kutlamaydı ama, değıl mi Rafo' dedi* («Күшті тойлап едік қой, иә, Рафо?» – деді); *'Ođlum konuştı. Düşünsene Nimo, konuştı Raif!' Ađlamaya başladı yaşlı kadın* («Балам сөйледі. Ойлашы, Нимо, Раиф сөйледі!» деп кәрі әйел жылай бастады); *'Haso ođlum, git bak bakalım,' dedi resepsiyon memuru gençten bir çocuđa* (Хасо, балам, барып көріп келші», – деді қабылдау бөлмесіндегі қызметкер жас бір балаға); *'İbo gitmek istiyor,' dedi Nimeta* («Ибо кетем дейді», – деді Нимета); *'Evine dön, Mirso,' demişti Nimeta* («Үйіңе қайт, Мирсо», – деген еді Нимета); *Garson Bızdık Ali'nin, İbo'nun, İsmail'in veya herhangi birinin ve mesela bizzat Süleyman'ın hiçbir kıymeti yoktu ki* (Даяшы Томпақ Әлидің, Ибонның, Смайылдың немесе басқа біреудің мысалы, Сүлейменнің өзінің де ешқандай құны жоқ). *Ибрагим* антропонимінен *Ибо* еркелету формасы жасалады және өте жиі қолданылады.

5. *-dik, -dik, tık, -tik диминутивтік қосымшасы*: *Mustafa, Fatma* тәрізді антопонимдерге жалғанып, еркелету, жақсы көру мағынасын білдіретін бұл диминутив жұрнақты да түрік тіліндегі кішірейткіш жұрнақтар арасынан көруге болады. Материалымыздан бұл жұрнаққа төмендегідей мысалдарды келтірдік. Мысалы: *Ara sokađın Fatmam teyzesi artık 'Deli Fadik' olmuştı* (Бүйірлік көшедегі Фатма тәтей бұдан былай «Жынды Фадик» атанған еді); *Onlar da kalktılar*:

*-Bir çay içseydin ağbey... pek güzeldir Mıstıđın çayı; suyunu İbre'den getiriyor* (Олар да тұрды: «-Шәй ішпедің бе, аға... Мыстықтың шәйі керемет. Суды Ибрден әкеледі); *Mıstık Fazıl beyin de çayını göndermişti* (Мыстық Фазыл бейдің де шәйін жіберген еді). Түрік тілінде кішкентай балаларды еркелету мағынасындағы *Bızdık, Bıdık* лексемаларында да осы қосымша қолданылады деген ойдамыз.

6. *Тәуелдік жалғауы*: Түркі тілдерінің барлығында тәуелдік жалғауының 1-жағы диминутивтік қызмет атқарады. Бұл туралы «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» еңбегінің авторлары былай дейді: «Следует далее отметить, что при обращениях, кроме указанных притяжательных аффиксов, употребляется еще притяжательный аффикс 1-го л. ед. ч., причем употребляется он чрезвычайно широко во всех тюркских языках при всех обращениях. Но по своему значению здесь они в корне отличаются друг от друга. Если притяжательный аффикс непервого лица, как выше показано, имеет значение функционально-звательной формы, то притяжательный аффикс первого лица имеет здесь совершенно иное содержание, а именно – выражение эмоциональности, импульсивности, словом, естественный или намеренной экспрессии. В самом деле, функция последнего сводится по существу к акцентуации расположения, близости, уважения говорящего к тому лицу, к кому относится данное обращение [24].

а) Туыстық атаулар мен кісі аттарына жалғанған тәуелдік жалғауы еркелету, жақсы көру мағынасын білдіреді: 'Sen öyle mi düşünüyorsun, kızım?' (Сен солай ойлайсың ба, қызым?); 'Gel buraya yeğenim,' dedi Raif Fiko'ya. («Мұнда кел, жиенім (жиенжан)», - деді Раиф Фикоға); Güzel kızım, Selçuloviç ilacını yollamış, çorbanı hemen iç de ilacını tok karnına al (Сұлу қызым, Селчукович дәріңді беріп жіберіпті, сорпаңды ішіп ал да, дәріңді тоқ қарынға іш); Artık iki yanına sallana sallana ağlıyor, sesini boğmaya çalışarak 'Salihim, Salihim' diye inliyordu (Енді екі жағына теңселіп жылап, даусын шығармауға тырысып, «Салихим, Салихим», деп ыңырсып отыр); Kamil, oğlum, söndürüver şu çıraуı, öne geçelim aydınlığа. Buyur bakalım Veli ağа (Кәмил, балам, шамды өшіре салшы, мұнда жүрейік жарыққа. Жүріңіз, Вели төре).

ә) Мамандық атаулары, әскери атақ пен лауазым атауларына жалғанған жағдайда сый-құрмет мағынасын білдіреді: 'Allah bin bereket versin beyim' dedi Hüsrev Ağа («Алла берекесін берсін, мырзам», - деді Хүсрев төре); Adam, Salih'in tek kol olduғunu görünce fena halde bozulmuştu: Вағışла ağam, görmedim – dedi Жігіт Салихтің бір қолы жоқ екенін көргенде өңі бұзылып кетті: - «Кешір, төрем, байқамадым», - деді); Sağol yüzbaşım (- Рақмет, жүзбасым); Olabilir, kumandanım. Lakin ben laf olsun diye konuşmam (Мүмкін, командирім. Бірақ мен бос сөз сөйлемеймін).

Түрік тілдеріндегі тәуелдік жалғауының семантикалық функциясы жайлы ғалым А.Ысқақов былай дейді: «Тәуелдік жалғауының екінші, үшінші жақтарының қосымшалары да қолданылу ерекшеліктеріне қарай, я үлкен тұтып құрметтеу не сыйлау, я мысқылдап кекету не қомсыну сияқты әр қилы қосымша экспрессивтік рең жамайды» [21, б. 67]. Біз материалдарымыздан ерекше сый-құрмет пен жақсы көру коннотациясында қолданылған тәуелдік жалғауының үшінші жақ формасы мағынасына мысалдар таптық: Geniş omuzlarını sımсіki tutuyordu:

-Ağbeylerin ağbeysi... sen hiç merak etme, dedi (Кең иығынан қысып ұстап тұрып: «-Ағалардың ағасы... сен еш қам жеме», - деді); Sımсіki kucakladı onu... yemekten önceki gibi; daha bir candan ve katkısız veya ancak hayranlık karışmış bir sevgiyle:

-Emmilerin emmisi, dedi (Оны қатты құшақтады... тамақтан бұрынғыдай; одан да шынайы және риясыз, тек қайран қалатынын білдіріп, сүйсініп тұрып: «-Көкелердің көкесі», - деді). Осылайша, түрік тіліндегі тәуелдік жалғауының бірінші және үшінші жақтары эмотив қызметін атқаратынын байқадық.

7. *Көптік жалғауы*: Түрік тілінде сый-құрмет мағынасы -lar, -ler көптік жалғауы арқылы да жасалады. Көрнекті түркітанушы ғалым А.Н.Кононов «Грамматика современного узбекского литературного языка» атты еңбегінде көптік жалғауының сый-құрмет мағынасын атап көрсетеді: «-лар қосымшасы биз «біз», сиз «сіз» жіктік есімдігімен бірге 2-жақ көпше түрдегі етістікпен бірге қолданылғанда сый-құрмет мағынасын білдіреді: Бизларни қилғанлархор, ожиз, гадой (Х.Олимжанов) 2-жақ көпше түрдегі жіктік жалғауынан кейін жалғанған -лар қосымшасы алғыс, тілектерде ерекше құрмет пен сыйды білдіреді: Хуш келибсизлар! «Хош келдіңіздер» дейді [25]. Ғалым көптік жалғауының мағыналарын атай келе сый-құрметті бірнеше форма арқылы беретінін айтады:

а) -лар жалғауының алдында 1-жақ жекеше түр тәуелдік жалғауы жалғанған туыстықты білдіретін зат есімдер: отамлар «менің атам», бувимлар «менің әжем».

Бұл мағынада (Pluralis honorificus) -лар қосымшасы сирек жағдайда тәуелдік жалғауынсыз қолданылады: Неге хат-пат, телеграмм юбармадиниз? «Неге хат-пат, телеграмма жібермедіңіз?»;

б) өте сыйлы және ерекше құрметке ие адамның туысы, дене мүшесі немесе бір затын білдіретін зат есімдер: Халамның эрлари келди «Тәтемнің күйеуі келді»;

в) ерекше сый-құрметке ие адамның іс қимыл атауын білдіретін етістікке –лар көптік жалғауы жалғанады: Дадамлар айтдылар. «Әкем айтты»;

г) өткен шақтағы, ауыспалы осы шақтағы, шартты райдағы, бұйрық райдың 2-жақ жекеше түріне -лариң жалғанып, сый-құрмет, сыпайылық, жақын достық мағыналарын білдіреді: ..Сизлар хаммадан еввел келдилариң. Мархамат, идориға кириңлар, дом олиңлар. Сизләр қаерден, қайси колхоздан делегат булиб келдилариң? (А.Қаххор) «Сіздер бәрінен бұрын келдіңіздер. Мархабат, басқармаға кіріңіздер, демалыңыздар. Сіздер қай жақтан келдіңіздер? Қай колхоздың делегаты боласыздар?» [25, с. 79-80].

Зерттеуші А.Маемерова түрік тілінде де көптік жалғауының сый-құрмет мағыналары барын айтады: «Түрік тілінде де көптік жалғауының сөзге үстейтін мағыналарын былайша қысқаша атап өтуге болады: а) өзі жалғанған сөздерге құрметтеу, сыйлау, мағыналарын жамайды: Kendileri henüz gelmedi «Ол кісі әлі келген жоқ»; Yoklar «Ол (кісі) жоқ» [26]. Біздің материалымызда да көптік жалғауының сый-құрмет мағынасында қолданылуына қатысты бірнеше мысал жиналды: Çok haklısınız hoca efendi hazretleri. Mazur görün (- Өте дұрыс айтасыз, әзіреті молда эфенді. Кешіріңіз); Düpediz soruverdi: Size birşey soracağım Hoca efendi hazretleri. Bizi niçin ihbar ettiniz? (Сұрақты төтесінен қойды: «-Сізден бірдеңе сұрайын, әзіреті молда эфенді, біз жайлы неге айттыңыз (ұстап бердіңіз)?»). Bence Ali emminin dedikleri münasıptir (Меніңше, Әли көкенің айтқаны дұрыс). Şimdi zat-i alimlerine iki sualım olacak (Енді ғалым мырзаға екі сұрақ қоймақшымын).

Түрік тілінде жағымсыз коннотациялы диминутивтер жағымдыға қарағанда анағұрлым аз.

1. -CAğIz, -Ceğİz қосымшасы: «Бұл жұрнақ кішірейту, еркелету, аяу, мүсіркеу, мейірім, бейшаралықты білдіреді. Бұрын -сіğaz, -сіğez, -сиğaz, -сүğez формасында қолданылатын. Бұл қосымша кейінгі кезеңде пайда болып, өнімділердің қатарына енді [27, с. 370-371]. «Бұл метатетикалық қосымшалар аяу, мейірім (kızcağız) т.б. мағыналы сөздер жасайды [12, с. 349]. «Есім мен есім негізді сөздерге негізінен кішірейту, жақсы көру, еркелету, ауыспалы, аллегория мағынасын береді. Тек мұнда бейшаралық мағынасы анағұрлым күштірек [10, с. 218]. Мысалы: *Ve beşikteki çocukların, kanı ayaklı kızcağızların korkmaları lazımdı* (Және бесіктегі балалар мен бейшара жас қыздар қорқуы керек); *İhtiyar kadıncağız nasıl da bir kuvvetle sarılıyordu oğluna!* (Бейшара қария ұлын бар күшімен құшақтап алды!); *Haklı kızcağız. Unutulur mu hiç?* (Байғұс қыздікі де дұрыс. Ондайды қалай ұмытсын?) *Fakat annen... kadıncağız böyle birine kapılıvereceksin diye tir tir titriyor* (Бірақ апаң... байғұс әйел осындай біреуге басың айналып қалады ма деп қатты қорқады);

Гагауыз тілінде «-сағыз жұрнағы -ğ дыбысының түсіп қалуы және дауысты дыбыс үндестігіне байланысты -CAAz түрінде қолданылады, тіпті кейде буын түсіп қалып, -CAz түрінде де қолданылады: *susaaz* (кішкене су), *yolcaazlarını* (кішкентай жолдарын), *erceezlar* (бейшара ерлер), *kızcaaz* (байғұс (кішкентай) қыздар)» [22, с. 103]. Түркімен тілінде: «*сағаз*: Тек қана жуан дауысты дыбысты түрі бар. Үндестік заңына бағынбайды. Кішірейту, еркелету, аяушылықты білдіреді: *buucağaz* (осыншама ғана), *guzcağaz* (байғұс қыз), *gülcağaz* (кішкене\байғұс гүл), *pişikcağaz* (кішкене\байғұс мысық) [22, с. 249]. Басқа түркі тілдерінде бұл жұрнақ кездеспейді.

2. *Мазақтау*, кемсіту мағынасын білдіретін *-alak* жұрнағы жайлы Н.Мыандоаб былай дейді: «Есімнен кішірейту және кемсіту мағынасын беретін сөздер тудырып, негізінен жемістер мен өсімдік атауларында кездесетін жұрнақ: *kozalak, tozalak, topalak, domalak, kobalak, öşelek, kızalak, bögelek* тәрізді. Осылай дей келе ғалым Бангуоғлуның еңбегіне сілтеме жасап, *dangalak* және *tombalak* деген сын есімдерде қолданылатынын айтады [10, s. 217]. Мысалы: *Vay dangalak, vay herif o zaman da; anladın len ne deyceğmi de, soora gonuşuruz Veli aa, bek isim var şinci diye govmaaya getirdi... diyecikti* (Ой, ақымақ, ой ит, олай болса не дегім келгенін түсіндің ғой. Кейін сөйлесеміз Вели төре, қазір жұмысым көп деп қуғандай болды... демекші болған); *Rahmi'nin cevabi, kendi deyişi ile, 'dangalakça' oldu* (Рахмидің жауабы өз сөзімен айтсақ «ақымақтікіндей» болды) – *Görün de neye yalan yanlış yazan len dangalak?* [ (-Көріп тұрсаң, неге қате жазасаң, ақымақ?)

3. Сондай-ақ *-sik* қосымшасының да кей жағдайда *аяу, мүсіркеу* эмоциясын білдіретін кездері болады: *İyi kızdı zavallılık* (Жақсы қыз еді бейшара).

### Қорытынды

Түрік тілінде жағымды және жағымсыз коннотациялы диминутивтерді негізінен кішірейту қосымшалары құрайды. Бұл мақалада түрік тілінің грамматикасын зерттеуші ғалымдар кішірейту жұрнақтары арасына енгізбеген *-ş, -o, -dik* диминутивтері де талданды. Бұлардың арасында *-ş* қосымшасы мақалаларда болса да жекелеген еңбектерде қаралған болса, *-o, -dik* қосымшаларына қатысты еңбектер таба алмадық. Дегенмен екеуі де өнімді болмағанымен антропонимдерге еркелету, жақсы көру мағыналарын үстемелеу үшін қолданылатын жұрнақтардың бірі. Сондай-ақ, ғалымдардың еңбектері мен тілдік материалдарды талдай отырып бөлек тәуелдік жалғауы мен көптік жалғауының беретінін байқадық.

Қорыта айтсақ, түрік тіліндегі диминутив жұрнақтарының басым көпшілігі еркелету, кішірейту, жақсы көру мағынасында кездеседі. Алайда *-sik, -sağız* жұрнақтарының аяу, мүсіркеу мағынасында да қолданылатынын көруге болады. Ал сый-құрмет мағынасын тәуелдік жалғауы мен көптік жалғауы береді. Кішірейту жұрнақтары арасында сый-құрмет реңкті диминутив кездестірмедік. *Мазақтау, кемсіту* мағынасын білдіретін тек бір ғана диминутивтік жұрнақ бар: *-alak*. Ол да тек санаулы сөздерге жалғанатын өте өнімсіз жұрнақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Балабекова Н.Р. Қазақ және түрік тілдерінің антропонимдеріндегі диминутивтер // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2016. – №4(79). – Б. 162-168.
2. Икрамова Р. Модальные формы имен существительных в современном узбекском языке: автореф. канд. филол. наук. – Ташкент, 1967. – 22 с.
3. Усманов С. Морфологические особенности слова в современном узбекском языке: автореф. док. филол. наук. – Ташкент, 1964. – 78 с.
4. Земская Е.А. Словообразование как деятельность. – Москва: Изд-во КомКнига, 2005. – 220 с.
5. Воротников Ю.Л. Милое и малое // Русский язык в школе. – 1988. – №6. – С. 62-66.

6. Özçelik S. Türkiye Türkçesinde Benzetme-Benzerlik Kavramları Ve Bu Kavramları Sağlayan Ekler Üzerine // İlmî Araştırmalar. – 2004. – Sayı 17. – S. 143-154.
7. Hatiboğlu V. Türkçenin ekleri. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1974. – 173 s.
8. Gencan T. Dilbilgisi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – 602 s.
9. Topaloğlu A. Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü. – İstanbul: Ötüken Yay., 1989. – 228 s.
10. Mııandoab N.Z. Türk Dilinde Küçültme Kavramı ve Küçültme Ekleri: modern Oğuz lehçeleri ile karşılaştırmalı bir inceleme // Türkoloji Dergisi. – 2018. – Cilt 22, Sayı 1. – S. 213-237.
11. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюркские и межтюркские основы на гласные. – Москва: Наука, 1974. – 768 с.
12. Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2006. – 681 s.
13. Gülensoy T. Altay Dillerindeki Akrabalık Adları Üzerine Notlar // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı – Belleten. – 1974. – Cilt 21-22. – P. 283-318.
14. Sertkaya O.F. Çince Tay ‘Büyük’ Kelimesi ile Yapılan Damla, Dayı, Teyze, ve Dede Kelimeleri Üzerine [Электронды ресурс]. www.tdk.gov.tr. (қаралған күні:17.03. 2019).
15. Erdal M. A Grammar of old Turkic. – Leiden: Brill, 2004. – 580 p.
16. Azerbaycanca-rusca lügat [Электронды ресурс]. // www.obastan.com. (қаралған күні: 10.01.2024).
17. Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak yayınları 1997. – 705 s.
18. Öner M. Bugünkü Kıpçak Türkçesi. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1998. – 270 s.
19. Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – İstanbul: Baha Matbaası, 1974. – 630 s.
20. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2003. – 1224 s.
21. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
22. Türk Lehçeleri Grameri / ed. Ah.B. Ercilasun. – Ankara, 2007. – 1340 s.
23. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). – Ленинград: Наука, 1977.
24. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Морфология. – М.: Изд-во академии Наук СССР, 1956. – 335 с.
25. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва-Ленинград: Издательство академии наук СССР. – 1960. – 446 с.
26. Маемерова А.Р. Қазақ және түрік тілдеріндегі көптік ұғым және сан-мөлшер категориясы // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2012. – №2(59). – Б. 135-140.
27. Gülensoy T. Türkçe El Kitabı. – Ankara: Akçağ Yayınları, 2000. – 638 s.

## References

1. Balabekova N.R. Қазақ және түрік тилдерінің антропонимдеріндегі diminutivтер [Diminutives in Kazakh and Turkish anthroponyms], ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы [Bulletin of KazNU. Oriental Studies Series], №4(79), 162-168 (2016) [in Kazakh].
2. Ikramova R. Modal'nye formy imen sushhestvitel'nyh v sovremennom uzbekskom jazyke: avtoref. kand. filol. nauk [Modal forms of nouns in the modern Uzbek language: author's abstract. Candidate of Philological Sciences] (Tashkent, 1967, 22 p.) [in Russian].

3. Usmanov S. Morfologicheskie osobennosti slova v sovremennom uzbekskom jazyke: avtoref. dok. filol. nauk. [Morphological features of the word in the modern Uzbek language: author's abstract of a Doctoral thesis in Philological Sciences] (Tashkent, 1964, 78 p.) [in Russian].
4. Zemskaya E.A. Slovoobrazovanie kak dejatel'nost' [Word formation as an activity] (Moscow: Publishing house KomKniga, 2005, 220 p.) [in Russian].
5. Vorotnikov Ju.L. Miloe i maloe [Sweet and small] Russkij jazyk v shkole [Russian language at school], №6, 62-66 (1988) [in Russian].
6. Özçelik S. Türkiye Türkçesinde Benzetme-Benzerlik Kavramları Ve Bu Kavramları Sağlayan Ekler Üzerine [On the Concepts of Analogy and Similarity in Turkish and the Suffixes that Provide These Concepts], İlmî Araştırmalar, Sayı 17, 143-154 (2004) [in Turkish].
7. Hatiboğlu V. Türkçenin ekleri [Suffixes of Turkish] (Ankara Üniversitesi Basımevi, Ankara, 1974, 173 p.) [in Turkish].
8. Gencan T. Dilbilgisi [Grammar] (TDK Yayınları, Ankara, 1979, 602 p.) [in Turkish].
9. Topaloğlu A. Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü [Dictionary of Grammar Terms] (Ötüken Yay, İstanbul, 1989, 228 p.) [in Turkish].
10. Mıandob N.Z. Türk Dilinde Küçültme Kavramı ve Küçültme Ekleri: modern Oğuz lehçeleri ile karşılaştırmalı bir inceleme [The Concept of Diminutive and Diminutive Suffixes in Turkish Language: A Comparative Study with Modern Oghuz Dialects] Türkoloji Dergisi [Turkology Journal], №22, 213-237 (2018) [in Turkish].
11. Sevortjan Je.V. Jetimologičeskij slovar' tjurkskih jazykov: obshhetjurkskie i mezhtjurkskie osnovy na glasnye [Etymological dictionary of Turkic languages: common Turkic and inter-Turkic vowel bases] (Nauka, Moscow, 1974, 768 p.) [in Russian].
12. Eker S. Çağdaş Türk Dili [Contemporary Turkish Language] (Grafiker Yayınları, Ankara, 2006, 681 p.) [in Turkish].
13. Gülensoy T. Altay Dillerindeki Akrabalık Adları Üzerine Notlar [Notes on Kinship Names in Altaic Languages] Türk Dili Araştırmaları Yıllığı [Turkish Language Research Yearbook], №21-22, 283-318 (1974) [in Turkish].
14. Sertkaya O.F. Çince Tay 'Büyük' Kelimesi ile Yapılan Damla, Dayı, Teyze, ve Dede Kelimeleri Üzerine [On the Words Damla, Uncle, Aunt, and Grandfather Made with the Thai Word for 'Big' in Chinese]. [Electronic resource]. www.tdk.gov.tr. (accessed:17.03. 2019). [in Turkish].
15. Erdal M. A Grammar of old Turkic (Brill, Leiden, 2004, 580 p.) [in Turkish].
16. Azərbaycanca-rusca lüğət [Azerbaijani-Russian dictionary] [Electronic resource] www.obastan.com. (accessed: 10.01.2024) [in Turkish].
17. Ergin M. Türk Dil Bilgisi [Turkish Grammar] (Bayrak yayınları, İstanbul, 1997, 705 p.) [in Turkish].
18. Öner M. Bugünkü Kıpçak Türkçesi [Today's Kipchak Turkish] (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1998, 270 p.) [in Turkish].
19. Banguoğlu T. Türkçenin Grameri [Grammar of Turkish] (Baha Matbaası, İstanbul, 1974, 630 p.) [in Turkish].
20. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri [Türkiye Turkish Grammar] (Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2003, 1224 p.) [in Turkish].
21. Iskakov A. Қазирги қазақ тили [Modern Kazakh language] (Ana tili, Almaty, 1991, 384 p.) [in Kazakh].

22. Türk Lehçeleri Grameri [Grammar of Turkish Dialects] (Ankara, 2007, 1340 p.) [in Turkish].
23. Shcherbak A.M. Oчерки по сравнител'noj morfologii tjurkskih jazykov (imja) [Essays on comparative morphology of Turkic languages (name)] (Nauka, Leningrad, 1977) [in Russian].
24. Issledovaniya po sravnitel'noj grammatike tjurkskih jazykov. Morfologiya [Research on comparative grammar of Turkic languages. Morphology] (Publishing House of the USSR Academy of Sciences, Moscow, 1956, 335 p.) [in Russian].
25. Kononov A.N. Grammatika sovremennogo uzbekskogo literaturnogo jazyka [Grammar of the modern Uzbek literary language] (Publishing House of the USSR Academy of Sciences, Moscow, 1960, 446 p.) [in Russian].
26. Maemerova A.R. Қазақ және түрік тилдеріндегі көптік ұғым және сан-мөлшер категориясы [Plural concept and quantity category in Kazakh and Turkish languages] ҚазҰУ Хабаршысы [Bulletin of KazNU], №2(59), 135-140 (2012) [in Kazakh].
27. Gülensoy T. Türkçe El Kitabı [Turkish Handbook] (Akçağ Yayınları, Ankara, 2000, 638 p.) [in Turkish].

**Н.Р. Балабекова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

#### **Диминутивы с положительной и отрицательной коннотацией в турецком языке**

**Аннотация.** Во многих грамматических трудах по турецкому языку суффиксы, называемые «уменьшительными суффиксами», выполняют различные функции, помимо уменьшения предмета. Целью данной исследовательской статьи является анализ семантики этих форм, называемых в функциональной грамматике «диминутивами». Турецкие лингвисты называют суффиксами уменьшения аффиксы -CA, -Cık, -cAk, -cAğız, +(X)ç. Казахские ученые, раскрыв их значения, рассмотрели их более широко, не ограничивая только уменьшительной функцией, и назвали их «тонально-значительные суффиксы». Задачей функциональной грамматики является не только описание структуры грамматических конструкций, но и раскрытие их семантики и других функций. Как видно из языковых примеров и материалов, уменьшительные суффиксы в турецком языке, помимо уменьшения, также выполняют различные эмоционально-экспрессивные функции, такие как выражение любви, ласки, жалости, насмешки и т.д. Некоторые суффиксы имеют положительное значение, другие – отрицательное, а некоторые могут выражать оба значения. Поэтому в нашей статье мы использовали термин «диминутив», а не «уменьшительные суффиксы» или «тонально-значительные суффиксы». Также известно, что в турецком языке функции диминутивов выполняются не только уменьшительными суффиксами, но и аффиксами принадлежности и множественности. В ходе работы мы покажем, опираясь на языковые данные, что, помимо вышеупомянутых суффиксов уменьшения, названных турецкими учеными, существуют и другие аффиксы, выполняющие эту функцию. В этой статье мы также проанализируем значения диминутивных суффиксов в турецком языке, показывая их варианты в древнетюркском и других тюркских языках с примерами.

**Ключевые слова:** уменьшительные суффиксы, диминутивы, словообразовательные аффиксы, семантика, аффикс принадлежности, множественное число, антропонимы.

**N.R. Balabekova**

*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Diminutives with positive and negative connotations in Turkish**

**Abstract.** In many grammatical works on the Turkish language, the affixes referred to as "diminutive suffixes" perform various functions beyond simply reducing the size of an object. The aim of this research article is to analyze the semantics of these forms, referred to as "diminutives" in functional grammar. Turkish linguists identify the affixes -CA, -Cık, -cAk, -cAğız, +(X)ç as diminutive suffixes. Kazakh scholars, having uncovered their meanings, have considered them more broadly, not limiting them to just the diminutive function, and have called them "affixes expressing nuances." The task of functional grammar is not only to describe the structure of grammatical constructions but also to reveal their semantics and other functions. As seen from linguistic examples and materials, diminutive suffixes in the Turkish language, in addition to expressing smallness, also perform various emotional-expressive functions, such as conveying affection, endearment, pity, mockery, and so on. Some suffixes have a positive meaning, others a negative one, and some can express both meanings. Therefore, in our article, we used the term "diminutive" rather than "diminutive suffixes" or "affixes expressing nuances." It is also known that in the Turkish language, the functions of diminutives are performed not only by diminutive suffixes but also by possessive and plural affixes. During the course of this work, we will demonstrate, based on linguistic data, that in addition to the diminutive suffixes mentioned above by Turkish scholars, there are other affixes that perform this function. In this article, we will also analyze the meanings of diminutive suffixes in the Turkish language, showing their variants in Old Turkic and other Turkic languages with examples.

**Keywords:** diminutive suffixes, diminutives, word-forming affixes, semantics, possessive affix, plural form, anthroponyms.

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Балабекова Н.Р.** – PhD, Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Balabekova N.R.** – PhD, Senior lecturer of the Department of Turkology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).